

Мемлекеттік кірістер органы мен уәкілетті мемлекеттік органдардың алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтерді ұсыну бойынша өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 қарашадағы № 692, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2025 жылғы 12 қарашадағы № 663, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2025 жылғы 12 қарашадағы № 103/ке, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 12 қарашадағы № 883, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 12 қарашадағы № 1585, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2025 жылғы 12 қарашадағы № 485, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 12 қарашадағы № 481, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 11 қарашадағы № 424, Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2025 жылғы 11 қарашадағы № 367, Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің м.а. 2025 жылғы 11 қарашадағы № 572/НҚ, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің м.а. 2025 жылғы 12 қарашадағы № 257, Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2025 жылғы 11 қарашадағы № 308, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі м.а. 2025 жылғы 12 қарашадағы № 607-НҚ, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2025 жылғы 12 қарашадағы № 142, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 12 қарашадағы № 353, Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 12 қарашадағы № 290-НҚ, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің м.а. 2025 жылғы 12 қарашадағы № 122, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 12 қарашадағы № 523, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2025 жылғы 12 қарашадағы № 320-НҚ, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а. 2025 жылғы 10 қарашадағы № 210, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2025 жылғы 12 қарашадағы № 434-н/қ, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2025 жылғы 11 қарашадағы № 11-1-4/663, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2025 жылғы 10 қарашадағы № 71, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының 2025 жылғы 21 қазандағы № 68 бірлескен бұйрығы мен қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 52-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және даму агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік кірістер органы мен уәкілетті мемлекеттік органдардың алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтерді ұсыну бойынша өзара іс-қимыл жасау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың және қаулының қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бірлескен бұйрықты және қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық пен қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін қаржы, әділет, ұлттық экономика, ішкі істер, су ресурстары және ирригация, экология және табиғи ресурстар, көлік, ауыл шаруашылығы, жасанды интеллект және цифрлық даму, ғылым және жоғары білім, оқу-ағарту, қорғаныс, денсаулық сақтау, төтенше жағдайлар, туризм және спорт, энергетика, өнеркәсіп және құрылыс, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, мәдениет және ақпарат, сауда және интеграция вице-министрлеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасарларына және Сыртқы істер министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық пен қаулы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы Әділет министрі _____ Е. Сарсембаев	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы _____ Е. Сагимбаев
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі _____ Д. Косанов	Қазақстан Республикасы ішкі істер министрі _____ Е. Саденов
Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушы _____ И. Шархан	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы _____ Т. Мұратов
Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі _____ Ч. Аринов	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі _____ С. Жакупова

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі _____ А. Сапаров	Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрі _____ Н. Нуржигитов
Қазақстан Республикасының Көлік министрінің міндеттерін атқарушы _____ М. Калиакпаров	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы _____ А. Дарбаев
Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің міндеттерін атқарушы _____ Р. Коняшкин	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі _____ С. Нурбек
Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігінің Төрағасы _____ М. Абылкасымова	Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушы _____ А. Бижанова
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндеттерін атқарушы _____ М. Мелдебекова	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің міндеттерін атқарушы _____ С. Жарасбаев
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің міндеттерін атқарушы _____ Н. Шарбиев	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушы _____ К. Туткышбаев
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы _____ Т. Сулейменов	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі _____ Е. Кошербаев
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушы _____ Е. Кочетов	Қазақстан Республикасының Қаржы министрі _____ М. Такиев

Келісілді"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 663,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 103/ке,
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 1585,
Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 883,
Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі міндетін атқарушының
2025 жылғы 12 қарашадағы

№ 485,
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 142,
Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 481,
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 353,
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 11 қарашадағы
№ 424,
Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрі
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 290-НҚ,
Қазақстан Республикасының
Көлік министрдің міндетін
атқарушы
2025 жылғы 11 қарашадағы
№ 367,
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрдің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 122,
Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрінің
міндеттерін атқарушы
2025 жылғы 11 қарашадағы
№ 572/НҚ,
Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 523,
Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2025 жылғы 10 қарашадағы
№ 71,
Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрінің міндетін атқарушы

2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 320-НҚ,
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндеттерін атқарушы
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 257,
Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрінің
міндеттерін атқарушы
2025 жылғы 10 қарашадағы
№ 210,
Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрінің міндетін атқарушы
2025 жылғы 11 қарашадағы
№ 308,
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 434-н/қ,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2025 жылғы 21 қазандағы
№ 68,
Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2025 жылғы 11 қарашадағы
№ 11-1-4/663,
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрінің міндетін атқарушы
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 607-НҚ мен
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 692 Бірлескен қаулысы мен
бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік кірістер органы мен уәкілетті мемлекеттік органдардың алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтерді ұсыну бойынша өзара іс-қимыл жасау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кірістер органының уәкілетті мемлекеттік органдармен алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтерді ұсыну бойынша өзара іс-қимыл қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 52-

бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, 612-бабының 5-тармағына, 617-бабының 3 және 4-тармағына, 622-бабының 11-тармағына, 625-бабының 7-тармағына, 625-бабының 8-тармағына, 625-бабының 9-тармағына, 625-бабының 10-тармағына, 625-бабының 11-тармағына, 625-бабының 12-тармағына, 636-бабының 2 және 3-тармағына, 643-бабының 4 және 5-тармағына, 648-бабының 3-тармағына, 653-бабының 3-тармағына, 662-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және уәкілетті мемлекеттік органдардың мемлекеттік кірістертер органдарына мынадай тізбе:

- 1) алымдар;
- 2) механикалық көлік құралдарын бастапқы мемлекеттік тіркегені үшін алымдар;
- 3) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алымдар;
- 4) мемлекеттік баждар;
- 5) жер үсті су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 6) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 7) орман қорын пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 8) өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын табиғи ортадан жою туралы шешім қабылдау кезінде өсімдік және орман ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 9) өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 10) жобаны іске асыру үшін торша шаруашылығын жүргізу үшін халықаралық және /немесе республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының учаскелері үшін алымдар;
- 11) радиожиилік спектрін пайдаланғаны және қалааралық және/немесе халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты көрсеткені үшін алымдар;
- 12) радиожиилік спектрін пайдалана отырып, байланыс қызметтерін көрсету бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін біржолғы төлемақы;
- 13) қалааралық және/немесе халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты көрсеткені үшін алымдар;
- 14) сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін алымдар;
- 15) уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) үшін жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 16) қатты пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия бойынша жер қойнауы учаскесі үшін жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 17) қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемдер;
- 18) өндірістік және тұтыну қалдықтарын уақытша сақтауға байланысты операторларға алымдар;
- 19) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының (мемлекеттік экологиялық бақылау) сақталуын тексеру кезінде белгіленген қоршаған ортаға теріс әсер етудің нақты көлемдері туралы;

20) тиісті мақсаттарда пайдаланылмаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылған жер учаскелері бойынша мәліметтерді (бұдан әрі – Мәлімет) ұсыну тәртібін, мерзімдері мен нысандарын айқындайды.

2. Мемлекеттік кірістер органдары, уәкілетті мемлекеттік органдар мәліметтерді алған кезде (бағыт) Қазақстан Республикасының салық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттардың жария етілмеуі, таралуына жол бермеу туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

2-тарау. Уәкілетті мемлекеттік органдардың алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеушілер мен салық салу объектілері туралы мәліметтерді мемлекеттік кіріс органдарына беру тәртібі, мерзімдері мен нысандары

1-параграф. Уәкілетті мемлекеттік органдардың мемлекеттік кірістер органдарына алымдарды төлеушілер мен салық салу объектілері, сондай-ақ механикалық көлік құралдарын бастапқы мемлекеттік тіркегені үшін алым және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша механикалық көлік құралдарының жүріп өткені үшін алым туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі, мерзімдері мен нысандары

3. Осы параграфтың мақсаттары үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы, әділет, оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім, денсаулық сақтау, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, көлік, қорғаныс, мәдениет және ақпарат, өнеркәсіп және құрылыс, су ресурстары және ирригация, сыртқы істер, сауда және интеграция, төтенше жағдайлар, туризм және спорт, ұлттық экономика, жасанды интеллект және цифрлық даму, ішкі істер, экология және табиғи ресурстар, энергетика министрліктері, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жатады.

4. Уәкілетті мемлекеттік органдар мемлекеттік кірістер органдарына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алым төлеушілер мен салық салу объектілері туралы мәліметтерді ұсынады.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мемлекеттік кірістер органдарына механикалық көлік құралдарын бастапқы мемлекеттік тіркегені үшін алым төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтерді осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

6. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі мемлекеттік кірістер органдарына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алым төлеушілер туралы мәліметтерді осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

7. Уәкілетті мемлекеттік органдар Салық кодексінің 54-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша салық

төлеушілер мен салық салу объектілері туралы мәліметтерді мемлекеттік органдармен бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы тоқсан сайын (беру толық автоматтандырылғанға дейін), есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей орналасқан жері бойынша салық органына ұсынады.

2-параграф. Уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың мемлекеттік кірістер органдарына мемлекеттік баж төлеушілер және олар есептеген мемлекеттік баж сомалары туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі, мерзімдері мен нысандары

8. Осы тармақтың мақсаттары үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы, әділет, жасанды интеллект және цифрлық даму, ішкі істер, көлік, экология және табиғи ресурстар министрліктері жатады.

9. Уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар мемлекеттік кірістер органдарына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік баж төлеушілер және олар есептеген мемлекеттік баж сомалары туралы мәліметтерді;

тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмейтін мерзімде орналасқан жері бойынша салық органына;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы мәліметтерді ұсынады.

3-параграф. Уәкілетті мемлекеттік органдардың мемлекеттік кірістер органдарына табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі, мерзімдері және нысандары

10. Осы параграфтың мақсаттары үшін уәкілетті мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар, ауыл шаруашылығы, су ресурстары және ирригация министрліктері жатады.

11. Су қорын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі бассейндік су инспекциялары орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер үсті су объектілерін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер және салық салынатын объектілер, олардың орналасқан жері, арнайы су пайдалануға берілген рұқсаттар, белгіленген су пайдалану лимиттері, рұқсаттар мен су пайдалану лимиттеріне енгізілген өзгерістер туралы, Қазақстан Республикасының су заңнамасының сақталуын тексеру нәтижелері, Қазақстан Республикасының су заңнамасының сақталуына тексеру нәтижелеріне шағым жасау бойынша сот шешімдері туралы мәліметтерді;

тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірмей салық органдарына табыс етіледі;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

12. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган және жергілікті атқарушы органдар орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 6-қосымшада белгіленген нысан бойынша жануарлар дүниесін және салық салу объектілерін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер туралы мәліметтерді;

тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

13. Мемлекеттік орман иеленушілер (жергілікті атқарушы органдардың орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері; орман шаруашылығы саласындағы мемлекеттік мекемелер мен орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік ұйымдары; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның табиғатты қорғау мекемелері; теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік ұйымдары және автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті орган олардың орналасқан жері бойынша мемлекеттік ведомствоға бағынысты органдарға) орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орман қорын және салық салу объектілерін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер туралы мәліметтерді;

тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

14. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдік түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын және салық салынатын объектілерді табиғи ортадан алып тастау туралы шешімдер қабылдау кезінде өсімдік және орман ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер туралы мәліметтерді;

тоқсан сайын есепті тоқсаннан (жылдан) кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

15. Орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және өсімдіктер дүниесін қорғау, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы уәкілетті органдар орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өсімдік ресурстарын және салық салу объектілерін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер туралы мәліметтерді;

жыл сайын есепті жылдан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

16. Аквасіру саласындағы уәкілетті орган өзінің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаны және салық салу объектілерін іске асыру үшін тор қоршама шаруашылығы қызметін жүзеге асырғаны үшін халықаралық және (немесе) республикалық маңызы бар балық шаруашылығы суларының учаскелері бойынша төлемақы төлеушілер туралы мәліметтер;

жыл сайын, есепті жылдан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

4-параграф. Уәкілетті мемлекеттік органдардың радиожилік спектрін пайдаланғаны және қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы төлеушілер туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарына ұсыну тәртібі, мерзімдері және нысандары

17. Осы тармақтың мақсаттары үшін уәкілетті мемлекеттік органның құрамына Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі кіреді.

18. Байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері төлеушілердің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлеушілер, салық салу объектілері, берілген рұқсаттар, олардың қолданылу мерзімдері, берілген рұқсаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, салық төлеушілерге жіберілетін хабарламалар және радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақының сомалары туралы мәліметтерді;

мына мерзімдерде:

1) Салық кодексінің 646-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде көзделген жағдайда – салық кезеңінің 25 ақпанынан кешіктірмей;

2) Салық кодексінің 646-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайда – салық төлеуші радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат алған айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

19. Байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері төлеушілердің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша радиожилік спектрін пайдалана отырып байланыс қызметтерін көрсету кезінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін біржолғы төлемақы төлеушілер туралы, бюджетке төленуге жататын осындай біржолғы төлемнің сомалары және оны төлеу мерзімдері туралы мәліметтерді;

есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

20. Байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері салық төлеушілердің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 13-қосымшада белгіленген нысан бойынша салық төлеушілер, салық салу объектілері, берілген рұқсаттар, олардың қолданылу мерзімі, берілген рұқсаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы, сондай-ақ қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланыс қызметін көрсеткені үшін төлемақының сомалары туралы мәліметтерді;

мына мерзімдерде:

1) Салық кодексінің 652-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген жағдайда – салық кезеңінің 25 ақпанынан кешіктірмей;

2) Салық кодексінің 652-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде белгіленген жағдайда – салық төлеуші қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланыс қызметін көрсетуге рұқсат алған айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

5-параграф. Уәкілетті мемлекеттік органдардың мемлекеттік кірістер органдарына сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлеушілер туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі, мерзімдері мен нысандары.

21. Осы тармақтың мақсаттары үшін уәкілетті мемлекеттік органның құрамына Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі кіреді.

22. Жергілікті атқарушы органдары сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру орны бойынша мемлекеттік кірістер органдарына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 14-қосымшаға сәйкес төлеушілер, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақының сомалары, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру мерзімі мен орны және хабарламаның жіберілгені немесе жіберілмегені туралы мәліметтер;

ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

6-параграф. Уәкілетті мемлекеттік органдардың жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарына ұсыну тәртібі, мерзімдері мен нысандары

23. Осы тармақтың мақсаттары үшін уәкілетті мемлекеттік органның құрамына Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы, индустрия және құрылыс министрліктері кіреді.

24. Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар, ал арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жергілікті атқарушы органдар немесе арнайы экономикалық аймақтардың басқарушы компаниялары төлеушілердің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 15-қосымшада белгіленген нысан бойынша алым төлеушілер, салық салу объектілері және жер учаскелері уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) берілген мерзімдер туралы мәліметтерді;

тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

25. Жер қойнауын пайдалану құқығын беретін уәкілетті мемлекеттік органдар төлеушілердің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алым төлеушілер, салық салу объектілері, қатты пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензияның қолданылу мерзімі, блоктардың сәйкестендіретін координаталары және олардың жеке кодтары туралы мәліметтерді;

тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

7-параграф. Уәкілетті мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға әсері үшін алымдарды төлеушілер туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарына ұсыну тәртібі, мерзімдері және нысандары

26. Осы тармақтың мақсаттары үшін уәкілетті мемлекеттік органның құрамына Қазақстан Республикасының Экология және су ресурстары министрлігі кіреді.

27. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоршаған ортаға әсер ету төлемдері мен салық салу объектілері, берілген экологиялық рұқсаттар, қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген нормативтері, экологиялық рұқсаттарға және қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген нормативтеріне енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді;

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 18-қосымшада белгіленген нысан бойынша олардың өндіріс және тұтыну қалдықтарын уақытша сақтауына қатысты операторлар туралы мәліметтерді;

тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

28. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдар орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына:

осы бірлескен бұйрыққа және қаулыға 19-қосымшада белгіленген нысан бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай тексерулердің нәтижелеріне шағымдану мүмкіндігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының сақталуын тексеру (мемлекеттік экологиялық бақылау) кезінде анықталған қоршаған ортаға теріс әсер етудің нақты көлемдері туралы мәліметтерді;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген осындай тексерулер нәтижелеріне шағымдану мерзімдері өткеннен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей;

мемлекеттік органдармен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ұсынады.

8-параграф. Уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланатын жер учаскелері туралы мәліметтерді мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну тәртібі, мерзімдері мен нысандары.

29. Осы тармақтың мақсаттары үшін уәкілетті мемлекеттік органның құрамына Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі кіреді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық жерге орналастыру бөлімшелері және орталық уәкілетті органның жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын департаменті салық органдарына:

объектілерді салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылмайтын жер учаскелері туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес

№	аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса)	/ жеке сәйкестендіру нөмірі	йы немесе жеке тұлғаның тұрғылықты жері	бойынша коды (бар болса)	көзделген құжаттың немесе телнұсқаның түрі	айлық есептік көрсеткіш)	алым сомасы (теңге)	н алым сомасы (теңге)	растайтын төлем құжатының нөмірі мен күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Жиыны:								

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

(уәкілетті органның аумақтық органы (қолы мөрдiң орны) басшысының немесе оның орнындағы адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе))

(мәліметтерді құрастыру үшін жауапты (қолы) лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе))

Жасалған күні " ____ " _____ 20__ жыл

Ескертпе: нысан осы нысанға қосымшаға "Алым төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Алым төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

"Алым төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтер" (нысанның индексі – 1-АТСО, кезеңділігі тоқсандық)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

"Алым төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтер" әкімшілік деректер нысанында мынадай деректер енгізіледі:

1) 1-бағанда нөмір ретімен көрсетіледі (кейінгі ақпарат ретімен);

Жинау әдісі – электронды түрде.

№	Заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса)	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі / жеке сәйкестендіру нөмірі	Заңды тұлғаның орналасқан жерінің заңды мекенжайы немесе жеке тұлғаның тұрғылықты жері	Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптаушының коды	Коды халыққа қызмет көрсету орталығы	КҚ бастапқы тіркелген күні
1	2	3	4	5	6	7
	Барлығы:					

кестенің жалғасы:

КҚ санаты	КҚ типі	К Қ модификациясының маркасы, моделі	Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі (VIN КҚ коды)	К Қ шығарылған жылы	Алым мөлшерлесі (айлық есептік көрсеткіш)	Бюджетке енгізуге жататын алым сомасы (теңге)	Бюджетке енгізілген алым сомасы (теңге)	Бюджетке алымның төленгенін растайтын төлем құжатының нөмірі мен күні
8	9	10	11	12	13	14	15	16

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

(уәкілетті органның аумақтық органы (қолы мөрдiң орны)

басшысының немесе оның орнындағы адамның тегі, аты, әкесінің аты

(егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетiлсе))

(мәліметтерді құрастыру үшін жауапты (қолы)

лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты

(егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетiлсе))

Жасалған күні 20 __ жылғы " __ " _____

Ескертпе: осы нысан осы нысандағы қосымшаға "Механикалық көлік құралдарын және салық салу объектілерін алғашқы мемлекеттік тіркегені үшін алым төлеушілер туралы мәліметер" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Механикалық көлік

құралдарын және салық салу
объектілерін алғашқы
мемлекеттік тіркегені үшін алым
төлеушілер туралы мәліметтер"
әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
нысанына қосымша

"Механикалық көлік құралдарын және салық салу объектілерін алғашқы мемлекеттік тіркегені үшін алым төлеушілер туралы мәліметтер" (нысанның индексі 2 – МКҚССОБМТАТ кезеңділігі тоқсандық)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. Әкімшілік деректер нысанында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:
КҚ – көлік құралдары.

2. Нысанды толтыру жөніндегі түсіндірмелер

"Механикалық көлік құралдарын және салық салу объектілерін алғашқы мемлекеттік тіркегені үшін алым төлеушілер туралы мәліметтер" әкімшілік деректер нысанында мынадай деректер қамтылады:

- 1) 1-бағанда нөмір ретімен көрсетіледі (кейінгі ақпарат ретімен);
- 2) 2-бағанда заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) көрсетіледі;
- 3) 3-бағанда 2-бағанда көрсетілген заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе 2-бағанда көрсетілген жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
- 4) 4-бағанда заңды тұлғаның орналасқан жерінің заңды мекенжайы немесе жеке тұлғаның тұрғылықты жері көрсетіледі;
- 5) 5-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышы бойынша код көрсетіледі;
- 6) 6-бағанда Халыққа қызмет көрсету орталығының коды көрсетіледі;
- 7) 7-бағанда көлік құралының бастапқы тіркелген күні көрсетіледі;
- 8) 8-бағанда КҚ санаты көрсетіледі;
- 9) 9-бағанда КҚ типі көрсетіледі;
- 10) 10-бағанда КҚ модификациясының маркасы, моделі көрсетіледі;
- 11) 11-бағанда көлік құралының сәйкестендіру нөмірі (көлік құралының VIN коды) көрсетіледі;
- 12) 12-бағанда КҚ шығарылған жылы көрсетіледі;
- 13) 13-бағанда алым мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш) көрсетіледі;
- 14) 14-бағанда бюджетке енгізуге жататын алым сомасы (теңге) көрсетіледі;
- 15) 15-бағанда бюджетке енгізілген алым сомасы (теңге) көрсетіледі;

	ыратын құжатта көрсетілген болса)				сі мен байланысы)						құжаттың
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
	Барлығы:										

кестенің жалғасы:

АКҚ габариттік параметрлері (рұқсат етілген)			АКҚ габариттік параметрлері бойынша асып кетуі (бұзушылықпен)			АКҚ асып кетуі (тонна)	Рұқсат етілген осьтік жүктеден асып кету	Километрмен арақашықтық (АКҚ жүріп өткен жол)	Алым мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш)	Бюджетке енгізу жататын алым сомасы (теңге)	Бюджетке енгізілген алым сомасы (теңге)	Бюджетке алымның төленгенін растайтын төлем құжатының нөмірі мен күні	Көлікті бақылау инспекциясының атауы
жоғары деңгейі бойынша	ені бойынша	ұзақтығы бойынша	жоғары деңгейі бойынша	ені бойынша	ұзақтығы бойынша								
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

(уәкілетті органның аумақтық органы (қолы мөрдiң орны)

басшысының немесе оның орнындағы адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе))

(мәліметтерді құрастыру үшін жауапты (қолы)

лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты

(егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе))

Жасалған күні 20 __ жылғы " __ " _____

Ескертпе: осы нысан осы нысандағы қосымшаға "Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруы үшін алым төлеушілер туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруы үшін алым төлеушілер туралы

"Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруы үшін алым төлеушілер туралы мәліметтер" түсіндірме (нысанның индексі 3 – АҚЖАТ кезенділігі тоқсандық)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру бойынша

1. Әкімшілік деректер нысанында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

"рұқсат беру құжатының түрі" деген 12-бағанда рұқсат беру құжаттарының бірнеше түрі жүзеге асырылған жағдайда нысан әрбір түрі бойынша жолма-жол толтырылады, онда:

МТНБ – мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі;

КҚ – көлік құралдары;

АКҚ – автокөлік құралдары;

Ө/Б – өткізу бекеті.

2. Нысанды толтыру жөніндегі түсіндірмелер

"Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруы үшін алым төлеушілер туралы мәліметтер" әкімшілік деректер нысанында мынадай деректер қамтылады:

- 1) 1-бағанда нөмір ретімен көрсетіледі (кейінгі ақпарат ретімен);
- 2) 2-бағанда заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) көрсетіледі;
- 3) 3-бағанда 2-бағанда көрсетілген заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе 2-бағанда көрсетілген жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
- 4) 4-бағанда күні мен уақыты көрсетіледі;
- 5) 5-бағанда арканың атауы көрсетіледі;
- 6) 6-бағанда рұқсаттама куәлігінің және рұқсаттама карточкасының нөмірі (АКҚ МТНБ-ның мәртебесі және байланыстырылуы және т.б.) көрсетіледі;
- 7) 7-бағанда мамандықтың нөмірі тасымалдауға арналған рұқсат көрсетіледі;
- 8) 8 бағанда АКҚ маркасы көрсетіледі;
- 9) 9-бағанда алдыңғы КҚ МТНБ көрсетіледі;
- 10) 10-бағанда артқы КҚ МТНБ көрсетіледі;
- 11) 11-бағанда КҚ осьтерінің саны көрсетіледі;
- 12) 12-бағанда рұқсат беру құжатының түрі көрсетіледі;
- 13) 13-бағанда АТС габариттік параметрлері (рұқсат етілген) бойынша көрсетіледі;
- 14) 14-бағанда ені бойынша АКҚ габариттік параметрлері (рұқсат етілген) көрсетіледі;

